

№28 «Ақбота» көбейтпелі балабақшасы

Айналайын анашым!

Тәрбиеші: Утаралиева Н

2020 жыл

«Айналайын анашым» ертеңгілік

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті аналар, аяулы әжелер! Баршаңызды көктемнің алғашқы мейрамы 8 наурызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге шаттық, бақыт, байлық тілей отырып, Балбөбек тобының дайындаған «Айналайын анашым» атты ертеңгілігімізді тамашалауға шақырамыз.

Күн жайнап келеді,
Гүл жайнап келеді көктем.
Күлкі боп ереді,
Қуанта береді көктем.

Ән: «Анашым»

Айсулу
Мәпелеп мені өсірген,
Ризамын мен өзіңе,
Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

Азизон
Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым,
Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

Ерканат
Теңдесі жоқ данасың.
Арқа сүйер панасың.
Еңбегінді ақтаймын,
Аман болшы анашым

Мерей:
Менің әжем бұл әжем,
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әжем

Нурислам
Асандағы айымсың,
Бақытыма балаған.
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам.

Жүргізуші: Шуақты көктем күні, күн нұрын төккен күні,
Аналарды мейраммен балалар құттықтайды!
Әжелермен аналар, қыздарменен апайлар,
Сұлуланған, нұрланған, әлемі боп құлпырған,
Би билейміз, жырлаймыз, мерекені тойлаймыз!
Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар: Аяулы анамыз!

Жүргізуші:

Балалар, айтыңдаршы.
Бізді жақсы көретін,
Бар жақсыны беретін.
Баласы үшін әрдайым,
Мейірімін төгетін
Ол кім?

Балалар: Анашым!

(музыка әуенімен көктем кіреді)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар, мен көктем ханшайымымын.

Балалар сендерде қандай мереке болып жатыр?

Жүргізуші: Бүгін біздің аналарымыздың, әжелеріміздің мерекесі. Біздің балалар аналарына арнап ән кешін сыйламақ.

Көктем ханшайымы:

Қош келіпсіз ақ жаулықты әжелер мен аналар!

Жүздерінен мейіріммен нұр тамар.

Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді!

Би биленіп, ән де бүгін шырқалар!

Көктем ханшайымы:

Балалар! Ғажайып бақтың алғашқы гүлін сыйға тартайын. Бұл сиқырлы гүл, барлық тілектерімізді орындайды. Ол үшін гүл желектерінен сұрайық...

1. Біз бірінші гүл желегін жұлайық,

Ақ тілекті гүл желектен сұрайық.

Тобымыздың әншілері,

Орнымыздан тұрайық.

Мейірімді аналарға,

«Ана» әнін сыйлайық!

Көктем ханшайымы: Біз екінші гүл желетін жұлайық,
Батыстап асып, шығысқа,
Үшкіл бар деп сұрайық.
Ақулы ана, асыл әже,
Тіхнақтарды біз сіздерге арнайық.....

Айна:
Ақ жолдықты әжемді,
Ай жүзіне тенедем.
Мейірімін таусылмас,
Күн нұрына тенедем.

Халина:
Ана біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз,
Аналардан тарайды,
Біздің ана тіліміз.

Димаш:
Бесіктерін әнімен,
Тербетуде аналар.
Жасай берсін сәнімен,
Жер бетінде аналар.

Еркеназ
Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды мен иемін.

Ясина :
Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды мен иемін.

Ән: «Әжем мені өте жақсы көреді»

Жүргізуші: Ал біздің ұл балалар қыз балаларды биге шақырып, биден шашу шашады.

Би :«Топни ножка моя»

Көктем ханшайымы: Ақ арманды гүл желектен сұрайық
Ол үшін біз тағы бірін жұлайық
Ананың — біз гүліміз,

біздің күніміз!
сіздерге арналады,
біздің биіміз!

Аяқ: «Анашым кел билейік»

Көктем ханшайымы: Біз екінші гүл желегін жұлайық,
Қызыстан асып, шығысқа,
Үштып бар деп сұрайық.
Ақулы ана, асыл әже,
Қалалардың ойының тамашалайық...
Ендіеше кезекті ойынға берейік...

Ойын: «Гүлдер»

Көктем ханшайымы: Үш, үшә түс гүл желек,
Бакшамызға қон желек.
Баршаңызға аналар!
Зор денсаулық біз тілейді.
Қазір шығып ортаға,
Қыздарымыз би билейді.

Би: «Біз кішкентай қуыршақпыз»

Көктем ханшайымы: Ақ арманды гүл желектен сұрайық
Ол үшін біз тағы бірін жұлайық
Әнімізге ән беретін, кешімізге сән беретін
Аналарымызбен бірге ойын ойнайық.

Көктем ханшайымы: Аналардың мейірімі ерекше,
Талпындырған асулар мен белеске.
Аямаған шуағы мен жан нұрын,
Берші анама бар жақсылық, тәңірім!! –
деп тілей отырып, сіздерге арналған сыйлығымызды табыс етейік...

Мен ханшайымы:
Тұнып тұрған бау болсын,
Теніз, еті ерен тау болсын,
Мен үшін түн ұйқысың төрт бөлген,
Аналар!! Дендеріңіз сау болсын!!
Басқаларың мәңгілік болсын!

Бұл өлең Балбобек тобымен сілдерге арнаған ертеңгілігі осымен аяқталды.

Айналайын Анамын!



Қарлығаш тобы